

Павлодар облысы бойынша 2005 жылға арналған үстіңгі қабаттағы су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 4 наурыздағы N 9/10 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 30 наурызда N 2945 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 462 бабына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес Павлодар облысы бойынша 2005 жылға арналған үстіңгі қабаттағы су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесі бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау жөнінде тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессияның төрағасы Б. Әділханов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының
(III сайланған X сессиясы)
2005 жылғы 4 наурыздағы
"Павлодар облысы бойынша
2005 жылға арналған үстіңгі
қабаттағы су көздерінің
ресурстарын пайдаланғаны үшін
төлемақы ставкасын белгілеу
туралы" N 9/10 шешіміне
қосымша

**Үстіңгі қабаттағы су көздері
ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасы**

Р/с N	Арнайы су пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Ставкалар (тиын , тенге)*
1	2		4

		3	
1	Тұрғын үй-коммуналдық қызмет	куб. м.	3,74
2	Өндіріс, жылу энергетикасымен бірге (өндірістік қажеттер)	куб. м.	10,79
3	Ауыл шаруашылығы	куб. м.	3,02
4	Су көздерінен толтырылып тұратын тоған шаруашылықтары	куб. м.	3,02
5	Су көздерінен балық аулайтын тұтынушылар, шаруашылықтары балық	т о н н а өнімдер	76,37*
6	Су транспорты	тонна/км	0,43

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК